

## Батыр мұны

Күн мен түн арпалысып барып таң атады. Түн жер бетіне түсер сәулені қызғана ма? Бәрбір қуатты күн жомарттықпен жарығын шашады әлемге. Түн түндігін түріп, қараңғылықты тірсектеп шыққан сол күн құлақтанып біразға дейін аспан етегінде тұрып алыпты. Көрші үйдегі Құрманның ағасы. «Күн құлақтанды келін ұл тапқандай қуанып келдім» деп есіктен кіре тілегін білдіріп еді. Құрман күлімсіреп:

- Арғымаққа шабатын ұлды болдым, - деді.

- Е, құтты болсын. Тойды дүрілдетелік.

- Келіннің қалжасына арналған қой қорада, қазір соны жайратайын, - деп Құрман ас үйден қайрақ, пышағын әзірлей бастады. Бөлмеде сәбидің іңгөлаған үні естіледі, бұл 1918 жылдың бірінші қаңтары екен.

Елде арпалыс бар, қайғысыз қара су ішу мұңға айналу бар. Ақтар өтті ойрандап, қаншама үй өртенді, қаншама адам оққа ұшты, қаншама әйелді зорлады. Сібірді басып алған Колчак қанатын кеңге жая бастаған. Кеңес үкіметінің тағдыры қиынға айнала бастаған кезде Атбасар, Мариновка селоларын ақтар ойрандай бастаған кезде Ирченко мен Белаш басқаратын халықтық армияның 7000 қаруланған кедейлер Атбасар, Көкшетау, Ақмола, Петропавл уездерін Колчак бандыларынан тазартты. Ел мен жерді қоғап қалды. Олардың құрамында Құрман бастаған кедейлер де ерлік етіп еді. Арыны қатты қызылдар да айбатымен жыпырып көмекке келген-ді. Сол қырғын аз дегендей елде сүзек індеті өрттей кесіп жатты. Большевик Әділбек Майкөтов «Қосбармақ» өңіріндегі сүзекпен ауырғандарды қара тұздың суын ішкізіп, ем-дом жасап біразін ажалдан құтқарды. Осындай зобалаңды еске алған Құрман:

- Заман бір тәртіпке келер ме екен? Ұрпағымыз бақытты болса екен? - деді.

- «Ұзынқұлақтың» айтуына қарағанда, Ленин жарылқайтын қоғам құрады деседі.

- Айтқаны келсін, аузыңа май, астыңа тай, сұрапыл сүргін... дүниенің астаң-кестені шықса оңалуы оңай болмас, - деді Құрман. Осы кезде ағасы үйге барып келейін деп шығып кетті.

Сонымен бұрынғыдай жиын, тойды дүрілдетіп атқаратын Құрманның жағдайы жоқ. Жаңа туған ат ұстар ұлға ағайын, туыстары қырқынан шығарып есімін беруге жиналды. Құрман сөз алып: «Жабыққанда да, тарыққанда да Ақан серінің әніне ерік беруші едім. Үш жүзге мәшһүр болған сол Ақан есімін ұлыма арнасам» деп еді. Ағасы Құсайын ойын кібіртіктеп: «Ақанның қайғы, мұңы қалың еді, адам өмірі есімінің аталуымен көп нәрсе байланысты болатындай сезінемін, - деп қалды.

- Періште ғой, жақсы тілек айталық.

- Көңілде күдік болмасын.

- Құрманың аузына құдай салған шығар, - деп отырғандар мәмілеге келіп ұлы Ақан деп атандырды.

.....

Сол Ақан ер жетіп 1939 жылы Қызыл Армия қатарында міндетті борышын өтеуге ел, жұртымен хоштасып аттанды. Жиырма шақты жігіт ойнап, күліп кетті. «Қосбармақ» өңірін мекендеген жұрт ақ тілек білдірді. Ақандар амандық болса елге қайтамыз деп тұрғанда соғыс басталды.

- Елге келген хатында, - деді орта мектептің тарих пәнінен сабақ беретін ұстаз Ораз Беркімбаев Мұсайұлы: «КПСС мүшелігіне өттім, Чернигов атындағы гвардиялық 76-шы атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа кірістім. Фашистерді өздері қазған көріне өздерін көлеміз,-дегендей әрбір хаты жігерге, ерлікке толы сөйлемдер еді. Сүгіреттері де , хаттары да мұрағатта сақтаулы.

...Днепр тағы сол сияқты су бөгеттерінен ерекше ерліктерімен ойдағыдай өткені, Украинаны азат етудегі ерекше ерліктері үшін 150-ден аса Қазақстандық жауынгерлерге Совет Одағының Батыры атағы берілді. «1943 жылы 4 декабрьде 25-гвардия атты корпусының ген-м Г.Б. Сейфуллин Қазақстан еңбекшілерінен жазған хатында: «Днепр бойында болған ұлы шайқаста қазақ халқының ұлдары жауға үсті-үстіне соққы беріп, өздерінің Отан-анасына деген ыстық махаббатын көрсетті, сонымен қатар халық батыры Амангелдінің қызу қаны бойларында қайнап тұрғандықтарын танытты. Қазақтардың Днепр бойында және Днепрден өткеннен кейін де барлық жасаған ерліктерін санап жату мүмкін емес», - деп жазды (Қазақ энциклопедиясы, 238 б). Бұдан артық ерлік жолын баяндауға қосып, алар болмас еді.

- Әскери борышын бірге атқарған Ақанның қаруластары «тоғыз девятка» атанып жаудың талай бекінісінің, жойқын қаруларының тас-талқанын шығарғанын майданнан жазған хаттары да дәлелдейтін еді, - деп Ораз Беркімбаев сөзін сабақтады: «Қосбармақ» өңірінен шыққан Ақан Құрмановтың теңдесі жоқ ерлігі Бүкіл Одаққа, Қазақ халқына мақтаныш болды деп туыстары, жерлестері аңыз етіп айтып жүрді. Бірен-саран қариялар 25 жасында қыршын кетті, ұрпақта қалмады, шын өлді-ау, дегенде. Ақылдылар «Батырдың аты өлмейді, ғасырларға есімі жұлдыздай қарқырап тұрады деуші еді. Қалың көптің бет алысы, талап, тілегі 1930 жылы құрылған колхоз есімін Ақан Құрманов атындағы дегізу үшін бауырлары және ауылдастары болып өтініш жазып Самат Құсайынов бастаған топ Қазақстанды басқарған Шаяхметовке дейін барып заңдандырып алып еді. Одан кейінгі жылдары былығы бастағанда Николаевка, Ақан Құрманов шаруашылықтары «Самар» совхозына бірікті. Тың игеруге келген Ихаба деген директор Ақан Құрманов атын сақтаймыз деп алдап соқты, түрлі құжаттарды «самарский» деп толтырып өткізіп жіберді. Қазақтың қиянат көргені аздай, Ақан есімінде не көше, не мектеп, не совхоз аты болмай жер соғып қалдық. Өтірікшілердің алдарқатудан іші кепкен жоқ. Жоғарғы орындарда не олай, не бұлай боп, ауыс, күйіс болып жатқанда Қонаевқа, одан кейінгі Колбинге де шаруашылығымызды аты Ақан Құрмановтың есімін қайтару жөнінде талай жаздық. Бәрібір түк шықпады. Жаза, жаза қалжырадық та орта мектептің жанынан Ақанға арналған мұрағат ашып Ақанның тұтынған заттары, қаруластарының майданнан жазған хаттары, түрлі фотолар,

Ақанның туыс-туғандарының түрлі заттарын жинастырып ұрпаққа өнеге сабағы есебінде ұсындық. Батырдың елдегі және майдандағы өмірін зайғы етпеудің өзімізше амалын алдық. Қанжардағы жазуда: «Қан төгуден артық қасірет жоқ» деген бар ғой, ұрпақ батырлықты дәріптеумен қатар, тыныштықты аялай білуді жасынан жадына сіңіріп жатырмыз.

Шаруашылықта сексеннің сенгіріне шыққан қарттар Қайырбек Орынбаев, Бекен Мұсағұловтар: «Көптік азшылықты тыңдар ма, үстемсіп, басқыншылық танытып аузымызды аштырмады ғой. Тың игеру жылдарында «Самардан» келген орыс тілділер бақай есеппен өтірігін де айтты, тыныш отырыңдар деп жанымызды да қысып тастады. Сөйтіп, Совет Одағының Батыры Ақан Құрманов бауырымыздың есіміне зар болдық. Осында жүз үй Ақанның туыс, туғандары бармыз, үніміз жоғарыға жетпей мысымыз құрыды, - деп мұңын шағады. Ана жылы ауылдастардың тілектеріне қолдау таппай күдер үзгендей жан қиналысын көріп едік. Ұлы жеңістің 70 жылдығында Астана қаласынан бір көшені Совет Одағының Батыры Ақан Құрмановқа атаса қалың жұрт өлгені тіріліп, өшкені жанғандай болар еді... Ақан рухы жұмыр жердегі тірі пенденің қаны төгілуінен сақтасын деп байыз таппай жүргендей сезінесің. Батыр рухын мұң баса көрмесін!..

**Табыл Құлыяс, жазушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері**

.....